

## Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 741 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 06.03.2020 № 280 Жарлығымен.**

### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2014 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 741 Жарлығымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Астана, 2014 жыл

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасының "Қазақстан-2050" Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" (бұдан әрі – 2050 Стратегиясы) атты Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған нұсқауларға сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы сыртқы саяси қызметінің қағидаттары мен тәсілдемелеріне, мақсаттарына, басымдықтары мен міндеттеріне негіз қалаушы көзқарастар жүйесін білдіреді.

### **1. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатын дамытудың пайымы**

Қазақстан өз тәуелсіздігінің үшінші онжылдығына экономикасы серпінді дамып келе жатқан және нақты белгіленген сыртқы саяси басымдықтары бар қалыптасқан тұрақты мемлекет ретінде қадам басты.

Әлемдік аренада Қазақстан субъектілігінің артуы мемлекеттің рөлі мен халықаралық ықпалының жоғарылағанын, өңірлік салмағының ұлғайғанын, жаһандық экономика мен қаржы институттары үшін маңызы өскенін айғақтайды.

Сонымен қатар, қазіргі заман болмысын ескерсек, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты ұлттық мүдделерді прагматизм қағидаттарымен жаңғыртуды және ілгерілетуді талап етеді. Бұл процеске бірқатар ішкі және сыртқы факторлар ықпал етеді.

Маңызды ішкі факторлар ретінде Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы түбегейлі өзгерістерді, трансформациялық кезеңнің аяқталуы мен елдің ұзақмерзімді және орнықты дамудың 2050 жылға дейінгі жаңа Стратегиясына өтуін атап көрсеткен жөн.

Сыртқы факторлар әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың келеңсіз салдарын еңсеру қажеттілігінен, қақтығыстардың шиеленісуінен, адамзаттың қазіргі проблемаларынан, өңірлік және жаһандық деңгейлерде жаңа геосаяси және геэкономикалық ахуалдың пайда болуынан көрінеді.

## **Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының мақсаттары**

Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес сыртқы саясаттағы негізгі күш-жігер мынадай негізгі мақсаттарға қол жеткізуге шоғырландырылады:

1) елдің ұлттық қауіпсіздігін, қорғанысқа қабілеттілігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын жан-жақты қамтамасыз ету;

2) бейбітшілікті, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;

3) орнықты ұстанымдарды қамтамасыз ету және әлемдік қоғамдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру;

4) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) орталық және үйлестіруші рөлі арқылы әділ әрі демократиялық әлемдік тәртіпті орнату;

5) өңірлік және халықаралық сауда-экономикалық қатынастар жүйесіне одан әрі интеграциялану;

6) 2050 Стратегиясын ойдағыдай іске асыру, халықтың жоғары тұрмыс деңгейіне қол жеткізу, көпұлтты қоғамның, құқықтық мемлекеттің және демократиялық институттардың бірлігін нығайту, адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау;

7) ұлттық экономиканы әртараптандыру, индустриялық-технологиялық дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

8) елдің "жасыл" даму жолына біртіндеп көшуі және әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру;

9) ұлттық-мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау және мемлекетті одан әрі дамытудың өзіндік жолымен жүру;

10) шет елдерде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын, олардың жеке, отбасылық және іскерлік мүдделерін қорғау;

11) шет елдердегі қазақ диаспорасына және қазақ тіліне қолдау көрсету.

## **Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басымдықтары мен міндеттері**

1. Қазақстан Орталық Азияның саяси тұрақты, экономикалық орнықты және қауіпсіз дамуына мүдделі.

Қазақстан өңірдегі өзінің рөлі мен жауапкершілігін сезіне отырып, өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге, оның ішінде шектес мемлекеттерден таралатындарына қарсы іс-қимыл жасау үшін жан-жақты күш-жігер жұмсайтын болады.

Қазақстан Орталық Азияда жанжалға бейім әлеуетті әлсірету, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды, су-энергетикалық торап пен өзге де қайшылықтардың түйінін шешу мақсатында ішкі өңірлік интеграцияны дамытуға ұмтылады.

Өңірдің халықаралық саясат пен экономиканың біртұтас интеграцияланған субъектісіне трансформациялануы перспективалы мақсат болып табылады.

2. Еуразиялық интеграцияны елімізді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде орнықты ұстанымға ілгерілетудің пәрменді тәсілдерінің бірі ретінде қарастыра отырып, Қазақстан осы негізде Еуразиялық экономикалық одақ құру мақсатында Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті нығайтатын болады.

Осы процесс шеңберінде мынадай негіз қалаушы қағидаттар сақталады: саяси егемендіктің мызғымастығы, қабылданатын шешімдердің экономикалық негізділігі, кезеңділік, прагматизм және өзара тиімділік, интеграцияның барлық органдарындағы тараптардың тең өкілдігі және барлық деңгейдегі интеграциялық өзара іс-қимылдардың консенсусы.

3. Қазақстан мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық ресімдеуді аяқтау, сондай-ақ Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау бойынша және жағалау маңындағы мемлекеттер арасында халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген тұрақты және достық қатынастарды нығайту жұмыстарын жалғастырады.

4. Қазақстан БҰҰ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастығы ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі және басқа да халықаралық ұйымдар мен форумдар қызметінің жауапты қатысушысы бола отырып, осы ұйымдардың қызметі шеңберіндегі өзінің басты міндеттерін былай пайымдайды:

1) түрлі салаларда өңірлік және жаһандық сипаттағы шешімдерді әзірлеу мен қабылдау процесі кезінде ұлттық мүдделерді ескеруді қамтамасыз ету;

2) өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі халықаралық күш-жігерге сындарлы қатысу және үлес қосу;

3) Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілету;

4) әлемде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде өңірлік және халықаралық ұйымдар мен форумдар арасындағы ынтымақтастықтың оңтайлы және өзара қолайлы қалыптарын орнату;

5) өңірлік және халықаралық ұйымдардың жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында олардың саяси-құқықтық және ұйымдық-әкімшілік функцияларын жетілдіру.

Қазақстан өзінің ұлттық мүдделеріне сай келетін әрі практикалық тұрғыдан пайда әкелетін халықаралық және өңірлік ұйымдардың жұмысына қатысады.

5. Қазақстан өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі міндеттер шеңберінде:

1) әлемнің барлық мемлекеттерімен және олардың бірлестіктерімен достық және алдын ала болжанатын қатынастарды дамытады;

2) БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын ұстанады және саяси диалог пен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық үшін құқық үстемдігі қағидатының негіз қалаушы маңызын мойындайды;

3) өңірлік және халықаралық жанжалдарды келіссөздер жүргізудің халықаралық тұрғыда танылған форматтары шеңберінде шешуді жақтайды. Қазақстанның ұстанымы мемлекеттердің егемендігі мен олардың халықаралық тұрғыда танылған шекараларындағы аумақтық тұтастығын сақтау туралы БҰҰ-ның негіз қалаушы қағидаттарына, дағдарыстарды реттеу жөніндегі құжаттарда, ең алдымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларында көрсетілген ережелерді орындау негізінде даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді іздестіруге негізделеді;

4) ядролық қарусыз және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа да түрлерінсіз бейбітшілікке қол жеткізуге күш-жігер жұмсайды, таратпау

режімдерін нығайту, қарулардың мұндай түрлеріне толық тыйым салу және оларды жою, сондай-ақ әлемнің түрлі өңірлерінде ядролық қарудан азат аймақтарды құру мақсатында көпжақты тетіктерді дамытуға қатысады;

5) жаппай қару шығаруға, оның ішінде ғарышта, қарудың жаңа түрлерін жасау мен өрістетуге қарсы күресті дәйекті түрде жақтайды;

6) қарудың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық күш-жігерді қолдайды;

7) терроризмге, экстремизмге, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына, адам саудасы мен заңсыз көші-қонға, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша басқа мемлекеттермен бірлесіп екіжақты және көпжақты негізде нақты шаралар қабылдайды;

8) халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты және кибертерроризмге қарсы күресті жалғастырады.

6. Қазақстан сыртқы экономикалық басымдықтарын іске асыру мақсатында:

1) елдің экономикалық-ресурстық, транзиттік-көліктік және экспорттық әлеуетін іске асыру, ұлттық экономиканың қауіпсіз дамуы және оның инвестициялық тартымдылығы үшін жағдайлар жасау мақсатында өңірлік және халықаралық интеграциялық процестерге қатысады. Осы тұрғыда ел үшін тиімді шарттарда Дүниежүзілік сауда ұйымының қызметіне қатысу маңызды міндет болып табылады;

2) индустриялық-инновациялық даму жөніндегі міндеттер шеңберінде ұлттық экономиканың басым секторларына инвестициялар мен озық технологиялар тарту, оны әртараптандыру және технологиялық жаңғырту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді;

3) халықаралық экономикалық ұйымдар мен қаржы институттарына елдің толық құқылы қатысуын және ұлттық мүдделерді ілгерілетуді қамтамасыз етеді;

4) экономикалық және сауда дипломатиясын дамытады, дипломатиялық құралдар арқылы шет елдерде мемлекеттің және қазақстандық жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін ілгерілету мен қорғауды қамтамасыз етеді, жаңа және дәстүрлі әлемдік нарықтарда қазақстандық бизнес пен экспорттық өнімдердің болуын кеңейту үшін қолайлы жағдайлар жасайды;

5) әлемнің барлық елдерінің дамуы үшін тең мүмкіндіктер беретін әлемдік әділ валюта-қаржы жүйесін қалыптастыруға қатысады;

6) Астана экономикалық форумы мен оның негізінде тұжырымдалған халықаралық бастамаларды ілгерілету жөнінде белсенді жұмыстар жүргізеді;

7) өңірлік және жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге халықаралық күш-жігер жұмсау ісіне қатысады;

8) өңірлік және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке үлес қосуды жалғастырады. Энергетикалық ресурстарды өндіруші елдердің, транзиттейтін елдердің және тұтынушы елдердің мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуді, оларды экспорттаудың әртараптандырылған, тұрақты және қауіпсіз маршруттарының жүйесін құруды жақтайды;

9) тиісті ұлттық институт құра отырып, әлемдік қоғамдастықтың дамуға ресми көмек көрсетуге күш-жігер жұмсау ісіне қатысуға ниеттенеді.

7. Қазақстан қоршаған ортаны қорғау және жаһандық климатты сақтау мәселелеріне баса көңіл аудара отырып:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану және оларды басқару тиімділігін арттыру, қоршаған ортаның сапасын және халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында елдің "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыруға күш-жігерін жұмсайды. ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуді қоса алғанда, "жасыл экономикаға" біртіндеп көшу Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі міндеттерді іске асырудағы маңызды элементтердің бірі болып табылады;

2) "жасыл өсім" бағдарламалары мен жоспарларын іске асыруда Еуропа, Азия және Тынық мұхит елдерінің мемлекеттік және жеке меншік секторларының, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың әріптестігін қолдауға бағытталған Астананың "Жасыл көпір" бастамасын жүзеге асыратын болады;

3) постиндустриялық қоғамдағы проблемалардың шешімін іздестіруге бағытталған Жаһандық энергетикалық-экологиялық стратегияны қоса алғанда, экологиялық жағынан орнықты энергиямен жабдықтау саласында қазіргі заманғы көрсетілетін қызметтерді әзірлеу мен енгізу жөніндегі бастамаларды ілгерілетеді;

4) су қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану және қорғау саласында көршілес елдермен шарттық құқықтық базаны жетілдіруді жалғастырады;

5) халықаралық ұйымдармен және бұрынғы Семей ядролық полигоны мен Арал теңізінің аумақтарын оңалту жөніндегі донорлармен ынтымақтастықты, оның ішінде Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қор қызметінің шеңберінде жалғастырады;

6) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны қабылдау жөніндегі жұмысты Каспий маңы елдерімен бірлесіп жалғастырады;

7) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою мәселелерінде екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты нығайтады.

8. Қазақстан Республикасы сыртқы саясаттың гуманитарлық өлшемін дамытуға басым мән береді. Осыған байланысты Қазақстан:

1) шет елдерде болатын Қазақстан азаматтарының, сондай-ақ шетелдіктер асырап алған, шет елдерде тұратын қазақстандық балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жұмысын күшейтеді;

2) шет елдердегі өз азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, визалық рәсімдер мен режимдерді ырықтандыруға, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылдарға бағытталған көпжақты конвенцияларға қосылуды және екіжақты шарттар жасасуды жалғастырады;

3) қылмыстық және азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы, адамдарды ұстап беру мен сотталған адамдарды беру туралы екіжақты шарттар жасасуды жалғастырады;

4) білім, ғылым мен мәдениет, туризм және спорт, жастар саясаты, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру саласында көпжақты конвенцияларға қосылу және екіжақты шарттар жасасу бойынша халықаралық ынтымақтастықты және жұмысты одан әрі жүзеге асырады;

5) Қазақстан туралы тарихи және заманауи білімдерді дамыту мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейтетін болады;

6) шет елдердегі қазақ қауымдастықтары шоғырлана тұрып жатқан жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін, олардың тарихи отанымен байланысын дамытуды қолдайтын болады;

7) әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және халықаралық мәдени-гуманитарлық даму салаларында қазақстандық азаматтық қоғамның және үкіметтік емес сектордың ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды; оларды тиісті халықаралық іс-шараларға қатысуға тартады;

8) өшпенділік, нәсілдік кемсітушілік, діни қайшылықтар, экстремизм мен ұлтшылдық тұрғысындағы қылмыстық әрекеттерге қарсы тұрады;

9) Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстіктің арасындағы өркениетаралық, мәдениетаралық және дінаралық диалогты одан әрі дамытуға ықпал етеді;

10) негізгі диалог алаңы ретінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің халықаралық ұстанымдарын нығайтады. БҰҰ аясындағы Өркениеттер альянсының қызметіне, сондай-ақ басқа да бастамалар мен форумдарға қатысады;

11) Қазақстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған 2013 – 2022 жылдарға арналған Мәдениеттер жақындасуының халықаралық онжылдығы шеңберінде бейбітшілік пен орнықты даму жолындағы саналуандылықты көтермелеу жөніндегі іс-қимылдарды жалғастырады.

9. Қазақстан әлемнің тиісті парламентаралық бірлестіктерімен саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту үшін

парламенттік дипломатияның әлеуетін көпжақты парламентаралық құрылымдар шеңберінде және екіжақты форматта пайдалануды жалғастырады.

10. Қазақстан әлемдік қоғамдастықты халықаралық мәселелер, сыртқы саяси бастамалар, мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық дамуы бойынша өзінің негізгі ұстанымы туралы уақтылы және толық хабардар етуді жүзеге асырады.

Осы шаралар шеңберінде Қазақстан қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндігін және дипломатияның дәстүрлі құралдарын пайдаланады.

Сыртқы саяси қызметтің мақсаттары, басымдықтары, міндеттері мен нәтижелері, Қазақстанның халықаралық бастамаларын әлемдік аренада ілгерілету туралы ақпаратты ел ішінде түсіндіру және Қазақстан жұртшылығына жеткізу жөніндегі жұмыс маңызды болып табылады.

Шетелдік ақпараттық кеңістікте Қазақстанды көрсетіп, таныстыру " Ақпаратты Қазақстан – 2020" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Елдік және өңірлік басымдықтар**

Қазақстан Республикасы ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарт негізінде Ресей Федерациясымен саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың барлық салаларында одақтастық қатынастарды нығайтуды жалғастырады.

Қазақстан Республикасы жоғары және биік деңгейлердегі саяси диалог шеңберінде Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты тереңдетеді, энергетикалық, инвестициялық-технологиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты, транзиттік-көліктік саладағы, аграрлық сектордағы, трансшекаралық өзендердің су ресурстарын бірлесе пайдалану және экология саласындағы өзара іс-қимылды дамытады.

Қазақстан Республикасының Орталық Азия мемлекеттері – Қырғыз Республикасымен, Тәжікстан Республикасымен, Түркіменстанмен және Өзбекстан Республикасымен көпсалалы қатынастарын дамытуы ішкі және сыртқы сын-қатерлер мен қауіптерге бірлесіп қарсы іс-қимылдар жасауға, саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты өзара тиімді және тепе-теңдік негізде жандандыруға өңір елдерінің күш-жігерін біріктіруге шоғырландырылатын болады.

Қазақстан Республикасы Америка Құрама Штаттарымен саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, ғылыми-техникалық және



гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға, халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған стратегиялық әріптестікті нығайтуды жалғастырады.

Қазақстан Республикасы тиісті шарттар жасалған немесе әзірленіп жатқан еуропалық мемлекеттермен, сондай-ақ еуропалық институттармен және бірлестіктермен стратегиялық әріптестік қатынастарын нығайта береді.

Қазақстанның сауда-экономикалық және инвестициялық аса ірі әріптесі – Еуропалық Одақпен толық ауқымды қатынастарды дамыту, кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы жаңа келісім жасасу, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ азаматтары үшін визасыз режимге біртіндеп көшу перспективасымен визалық режимді ырықтандыру жөніндегі күш-жігер жалғасады.

Қазақстан Республикасы еліміздің саяси-экономикалық және транзиттік-көліктік мүдделері жүйесінде маңызды орын алатын Беларусь Республикасымен, Украинамен және Молдова Республикасымен, сондай-ақ Оңтүстік Кавказ мемлекеттері – Әзербайжан Республикасымен, Армения Республикасымен және Грузиямен дәстүрлі және өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастырады.

Қазақстан Республикасы Түркия Республикасымен екі халықтың тарихи тегі мен мәдени құндылықтарының ортақтығы негізінде жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға баса маңыз береді.

Иран Ислам Республикасымен өзара тиімді ынтымақтастық сауда-экономикалық және транзиттік-көліктік салалардағы, Каспий теңізінде тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ортақ мүдделерге негізделеді.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясаттың азиялық бағытын нығайтуға ниетті. Шығыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Азия, Азия-Тынық мұхит өңірінің елдерімен және олардың өңірлік бірлестіктерімен сауда-экономикалық және инвестициялық-технологиялық ынтымақтастықты жандандыруға күш-жігер жұмсалатын болады.

Жапониямен және Корея Республикасымен өзара іс-қимылда аса жаңа технологияларды тартуға, Қазақстанда энергия және су үнемдеу технологияларын енгізуге, түрлі салаларда қазақстандық білім беру жүйесінің дамуына жәрдемдесуге, "Орталық Азия+Жапония" және "Орталық Азия мен Корея Республикасы" диалогтарын нығайтуға баса назар аударылады.

Қазақстан Ауғанстанда ұлттық бітімгерлік пен саяси реттеу мәселелері бойынша халықаралық қоғамдастықтың бірлескен күш-жігерін қолдауды, бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына, өңірлік және жаһандық қауіпсіздік қатерлерін жоюға қатысуды жалғастырады.

Үндістан Республикасымен және Пәкстан Ислам Республикасымен ынтымақтастық саяси және сауда-экономикалық байланыстарды ілгерілетуге, халықаралық ұйымдарда өзара іс-қимыл жасауға бағытталады.

Қазақстан Вьетнам Социалистік Республикасымен, Индонезия Республикасымен, Малайзиямен, Сингапур Республикасымен, Таиланд Корольдігімен ұзақ-мерзімді перспективалы және өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамытуды жалғастырады.

Қазақстан Республикасының Орта және Таяу Шығыс мемлекеттерімен жақын тарихи және рухани байланыстары бола отырып, бұл өңірдің тұрақты және орнықты дамуына мүдделі. Қазақстан өзара мүдделілік тудыратын барлық салаларда олармен әріптестік қатынастарды қалыптастырады. БҰҰ, ИЫҰ, АӨСШК және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде бірлескен қызметті үйлестіру және өзара қолдау тәжірибесі жалғасады.

Қазақстан Республикасы Солтүстік, Орталық және Латын Америкасы мемлекеттерімен ынтымақтастыққа зор маңыз береді. Аталған жұмыста сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық байланыстарды дамытуға, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде ортақ мүдделерді ілгерілетуге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасы Африка құрлығы елдерімен қатынастардың географиясын кеңейтуге, оның ішінде Африкалық одақ қызметінің шеңберінде олармен саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға басым көңіл бөледі.

## **Күтілетін нәтижелер**

Тұжырымдаманы қабылдау және іске асыру:

- 1) ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға;
- 2) Қазақстан үшін қолайлы халықаралық орта қалыптастыруға, әлемнің барлық мемлекеттерімен достық, тең құқылы және өзара тиімді қатынастарды нығайтуға;
- 3) ұлттық экономиканы әртараптандыру негізінде Қазақстанның халықаралық қоғамдастыққа және әлемдік шаруашылық байланыстарға интеграциялануының жоғары деңгейіне қол жеткізуге;
- 4) өңір мемлекеттерімен экономикалық интеграция үшін жағдайлар мен алғышарттар жасауды қамтамасыз етуге;
- 5) мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа да аралас салаларда халықаралық ынтымақтастықты қарқынды дамытуға;

б) шет елдерде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының, олардың жеке, отбасылық және іскерлік мүдделерінің құқықтық қорғалуын күшейтуге ықпал етеді.

## **2. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдемелері**

Қазақстанның сыртқы саясаты көп бағыттылық, теңгерімділік, прагматизм, өзара тиімділік, елдің ұлттық мүдделерін қатаң қорғау қағидаттарына негізделген.

Қазақстан әлемнің барлық мемлекеттерінің теңдігін, өзара мүдделерді ескеруді және бір-бірінің ішкі істеріне араласпауды, сондай-ақ БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың үстемдігі негізінде халықаралық проблемалар мен жанжалдарды бейбіт және ұжымдық жолмен шешуді жақтайды.

Қазақстанның сыртқы саясаты мүдделердің теңгерімі негізінде құрылған, бұл ретте шет елдермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылдың сараланған және әртүрлі деңгейдегі тәсілдемесі қағидаты қолданылады. Аталған қағидатты қолдану:

1) басымдықтардың белгілі бір түрде құралуын, негізгі күш-жігер мен ресурстардың соларға шоғырлануын;

2) саяси және экономикалық мүдделер мен практикалық қайтарымға сәйкес адами және қаржылық ресурстардың барабар бөлінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сыртқы алаңдағы ынтымақтастықта сараланған тәсілдемені қолдану Қазақстанның шет елдердегі дипломатиялық қатысуын кеңейтуді және оның шет елдердегі мекемелерін құрылымдық онтайландыруды да көздейді.

Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының прагматикалық және дербес белсенділік санаты ретінде дамудың жаңа кезеңін айқындай отырып, сыртқы саяси бағыттағы сабақтастықты сақтайды.

Сыртқы саясаттың прагматикалығы оның ұлттық мүдделерге нақты бағдарлануын білдіреді. Ол өз ресурстарымызды объективті бағалауға, басымдықты және шеткері бағыттарды, оларды іске асыру тәсілдерін жүйелі айқындап отыруға негізделген.

Дербес белсенділік сыртқы саясатты жоспарлау мен іске асыруды, басып озуға бағдарланған идеялар мен бастамаларды ұсынуды; халықаралық қатынастардың күн тәртібін қалыптастыруға қатысуды және Қазақстанның мүдделеріне сай келетін шешімдер қабылдауды білдіреді.

## **Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын іске асыру тетіктері мен құралдары**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Президент елдің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік етеді.

Қазақстан Республикасының Парламенті еліміздің ең жоғары өкілді органы бола отырып, өзінің конституциялық өкілеттіктері шеңберінде халықаралық шарттарды ратификациялау, олардың күшін жою, ішкі заңнаманы Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкестендіру бойынша заңнамалық жұмыс жүргізеді.

Атқарушы органдар жүйесін басқаратын Үкімет Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қарым-қатынастарын дамытуды қамтамасыз етеді, сыртқы экономикалық саясатты іске асыру, сыртқы саяси іс-шараларды қаржыландыру жөніндегі шараларды әзірлейді.

Сыртқы саясат және сыртқы экономикалық ынтымақтастық саласындағы нақты міндеттерді шешу мақсатында ведомствоаралық комиссиялар мен жұмыс топтары құрылады. Халықаралық шарттар мен үкіметаралық комиссиялардың шешімдерінен туындайтын уағдаластықтар мен міндеттемелерді іске асыру жөніндегі бағдарламалар мен жоспарлар әзірленеді.

Сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ) болып табылады.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес СІМ Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын әзірлеуді және Мемлекет басшысының халықаралық бастамаларын іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ Президент пен Үкіметке тиісті ұсыныстар береді, сыртқы саяси бағытты іске асыру жөніндегі жұмысты жүргізеді, орталық атқарушы органдардың шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарына қатысты халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары тұрақты негізде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелерін талдау жұмысын жүзеге асырады, сыртқы саясатты жүзеге асыруға байланысты стратегиялық және тактикалық тәсілдемелерді және оны іске асыру бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

Мемлекеттік органдар аталған жұмысты одан әрі пысықтап, тиісті шешімдер қабылдау мақсатында ел басшылығының қарауына нақты ұсыныстар енгізуі үшін оны СІМ-мен үйлестіріп отырады.

Мемлекеттік органдардың сыртқы саяси салдары болуы ықтимал ішкі сипаттағы қандай да бір шешімдер қабылдауы міндетті түрде СІМ-мен келісіледі.

Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатын шет елдерде ақпараттық қамтамасыз ету, шет мемлекеттердің мемлекеттік басқару органдарының, іскерлік, ғылыми және қоғамдық топтарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмыс жүргізу маңызды міндет болып табылады. Осыған орай, СІМ басқаратын дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесінің маңызды элементі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері болып табылады.

Шет елдердегі мекемелердің қызметі тікелей аккредиттелген елдерде немесе халықаралық ұйымдарда Қазақстанның және оның азаматтарының ұлттық мүдделерін қорғауға және ілгерілетуге бағытталған.

Шет елдердегі мекемелер тұрақты мониторингті жүзеге асырады, ақпараттарды жинайды және талдау жасайды, СІМ-нің басшылығын болу мемлекетіндегі оқиғалар туралы уақтылы хабардар етеді.

Сыртқы саясат саласындағы міндеттерді тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет органдарын одан әрі институционалдық дамытуға: дипломатиялық кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға; Қазақстанның шет елдерде және оның өкілдерінің халықаралық ұйымдарда дипломатиялық қатысуын кеңейтуге; СІМ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік-материалдық қамтамасыз етуді жақсартуға зор маңыз береді.

### **3. Тұжырымдаманы іске асыру көзделетін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы.
3. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы.
4. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.
5. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы.

6. "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығы.

7. "Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығы.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы.

9. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысы.

Тұжырымдаманы іске асыру мақсатындағы нормативтік құқықтық базаны шет елдермен және халықаралық ұйымдармен қол қою жоспарланып отырған халықаралық шарттар да құрайды.